

**Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 17 маусымдағы "Қызыләскер ауылдық округі
Черное ауылына ұсақ қара малдың сарып ауруы бойынша шектеу салу туралы" N
157/6 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 4 тамыздағы N 188/7 қаулысы. Павлодар облысы Лебяжі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 тамызда N 12-9-117 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 06 наурыздағы N 90/3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің
06.03.2014 N 90/3 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18-тармақшасына, 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9-тармақшасына және мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық бақылау туралы Ережесіне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2010 жылғы 17 маусымдағы "Қызыләскер ауылдық округі Черное ауылына ұсақ қара малдың сарып ауруы бойынша шектеу салу туралы" N 157/6 қаулысына (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуіндегі тізілімінде N 12-9-115 болып тіркелген, 2010 жылғы 8 шілдедегі "Аққу үні" газетінің N 56 (74-50) санында жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

қаулы атауы келесі редакцияда жазылсын: "Қызыләскер ауылдық округіне ұсақ қара малдың сарып ауруы бойынша шектеу салу туралы";

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын "Қызыләскер ауылдық округіне сарып ауруы бойынша ұсақ қара малға шектеу салу";

2-тармақтың 1 абзацы келесі редакцияда жазылсын: "ауыл шаруашылығы малдарының барлық түрлерін Қызыләскер ауылдық округі аумағынан басқа аймаққа айдау, жеткізу, әкелу, әкету";

2-тармақтың 2 абзацы келесі редакцияда жазылсын: "Қызыләскер ауылдық округі аумағынан қой етін шығару".

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Т.Байжановқа жүктелсін.

А у д а н ә к і м і н і ң
міндетін атқарушы Н.Сағандықов
"КЕЛІСІЛДІ"

Лебяжі ауданы бойынша мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
департаменті бөлімінің бастығы А. Жәлелов
2010 жылғы 02 тамыз

Аудандық орталық аурухананың
бас дәрігері А. Сыздықов
2010 жылғы 02 тамыз